

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы
«Қарлығаш» бөбекжай- бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

**«Халық педагогикасы-
Ұлттық қазына»
Авторлық бағдарлама**

Суленова Айгул Турсунбаевна
Абуова Акмарал Балыкқызы
Буркитбаева Эльмира Даулетқызы
Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы



Төлеби ауданының білім бөлімінің «Озық іс – тәжірибе тарату туралы»
29.03.2024жылы өткізілген аудандық әдістемелік кеңестің №5 хаттамалық
шешімі бойынша баспаға ұсынылды. Бұйрық №101-п. 08.04.2024ж.

**«Халық педагогикасы-Ұлттық қазына» тақырыбындағы
ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспары**

Тақырыбы	Мақсаты	Сағаты
Торсық	Балаларды қазақтың ұлттық бұйымдары мен таныстыру, соның ішінде атап өтсек торсықтың шығу тарихымен таныстыру.	1
Салыстыру	Заттарды санына қарай салыстыру. Сан мен санды, сан мен торсықты т.б затты салыстыруды үйрету.	1
Торсықты әшекейлеу (дәстүрден тыс)	Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру. Сурет салудың дәстүрден тыс әдісін қолдану. Таңба немесе баспа түрін жұмсақ губканы пайдалана отырып салуды үйрету. Түрлі бояуларды тиісті түсіне қолдана алу.	1
Қазақтың ұлттық ою-өрнектері	«Оюы көптің өрнегі көп, өрнегі көптің өрмегі көп». Ою-өрнек рухани өмірдің айнасы.	1
Бір саны мен цифры	«Бір саны және цифрымен таныстыру». Көп ұғымынан бірді бөліп алу.	1
Сәндік-қолтанбалы өнер	Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін тұрмыстық заттарға дұрыс орната білу. Ою-өрнектердің аттарын атай білу.	1
Құрақ көрпе	Балаларды қазақтың ұлттық бұйымы құрақ көрпемен таныстыру. Қазақтың ұлттық оюларын дұрыс қолдана білуге тырысу.	1
Балалардың бір цифры туралы білімін бекіту	1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру. 1 цифрын өзге сандардың арасынан табу. Цифрды заттың санымен салыстыруға үйрету. Үшбұрыш пен тіктөртбұрыштың айырмашылығын анықтау.	1
Киіз үйдің жабдықтары	Киіз үйдің жабдықтарымен таныстыру. Атадан-балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтауға баулу. Киіз үй жабдықтары туралы айтып, балалардың есте сақтай білу қабілеттерін баулу.	1
Екі саны мен цифры. (қосу, азайту)	Балаларды 2 санының пайда болуы, 2-нің алдындағы санды шығарып алуға үйрету. 2 саны мен азайту амалдарымен таныстыру. 2 цифрын таңбасымен таныстыру санының сұлбасын сызу.	1

Киіз үй (дәстүрден тыс)	Балаларға дәстүрден тыс, триз әдісін пайдалана отырып ,нақты атап айтсақ дәнді дақылдардан,құм бетіне,мақталы таяқшамен,балауыз шаммен суретін салуға үйрету.Таза, ұқыпты етіп салуға баулу.Шаңырақ киіз үйдің ең мағыналы,маңызды бөлшегі екенін түсіндіру.Ата-бабамыздың құндылығын қадірлеуге тәрбиелеу.	1
Қазақтың ұлттық бас киімдері	Ұлттық бас киім туралы мағлұмат беру.Бөрік,сәукеле,тымақ,тақия туралы терең түсінік беру.	1
Ұлттық бас киімдерді әшекейлеу	Балаларға сәукелені және бөрікті әшекейлеуге үйрету.Түрлі бисерлерді, мошақтарды және ою -өрнектерді баскиімдерге дұрыс орналастыруға және пайдалануға үйрету.	1
Шебер қолдар	Балаларды қазақтың ұлттық бұйымдарымен таныстыру .Құрақ көрпені ою -өрнектермен әшекей білуге үйрету.Ұлттық сәндік -қолтаңбалы өнерге деген қызығушылықтарды арттыру және көркемдік талғамын дамыту.Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.	1
3 цифрымен таныстыру	3цифрын 3санының таңбасы ретінде таныстыру.3 санынның пайда болуы,алдындағы сандарды шығарып алу жолын анықтау . 3 санының өзге цифрлардың арасынан табу.3 саны 3 бірліктен тұратынын.3 көлемінде қосу,азайту амалдарын орындау .	1
Киелі бесік	Балаларды ата -бабамыздан мұра болып қалған бесікпен таныстыру.Бесіктің пайдасын түсіндіру. Тәрбие тал бесіктен екенін ұқтыру.Ата- бабамыздан мұра болып келе жатқан құнды дүниелерімізге құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1
4 саны мен цифры	4 саны цифрмен таныстыру.4 санының пайда болуы.Құрамын анықтау.	1
Шебер қолдар	Балалардға бесік мүсінін шиді және ермексазды пайдаланып жасауды үйрету.Бесікті қадірлеп күтуге тәрбиелеу.	1

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.»

Тақырыбы: Торсық

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық бұйымдары мен таныстыру, соның ішінде торсықтың шығу тарихымен таныстыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: торсықтың түрлері , қарақұмық, ермексаз, құм, бояу т.б.



Күтілетін –нәтиже: балалар ұлттық бұйым торсықтың шығуы, қажеттілігі туралы біледі. Түрлі ресурстарды пайдалана біледі.

Ұйымдастыру кезеңі:

«Тыныштық сәті» жылулық шеңбері.

Біз үшін атамыздың асы **қымыз**,

Қымызбен алшы түсер асығымыз.

Бал дәмі таңғалтады, толғантады,

Толтырып тостағанды қолға ал тағы.

Қымызбен қоса.....

Балалар педагогпен бірге өлең жолдарын қайталап айтады.

Негізгі бөлім:

Педагог түрлі ұлттық ою-өрнектерімен безендірілген торсық ыдыстарын көрсетеді. Балалардан сұрайды. Бұл қандай бұйым ?

Таңғалдыру сәті

Осы кезде әнін айтып Алдаркөсе атамыз келеді.

-Мен Алдармын Көсемін

Сусыз жерде өсемін

Жақсыларға серікпін

Жамандарға алдармын.

А-а-а-а, е-е-е-е.

Балалар:-Саламатсыз ба ата!

Алдар:-Саламатсыңдар ма балалар?Сендер мені таныдыңдар ма?

Балалар:-Ия сіз ертегідегі Алдар атасыз ғой.

Алдар:-Дұрыс айтасыңдар.Сендер мұнда не істеп отырсыңдар?

Тәрбиеші:-Ата, біз бүгін қазақтың ұлттық қол өнерімен танысайын деп отырмыз.

Алдар:-Мағанда көрсетіңдер.

Тәбиеші:-Сіз келмей тұрып мына бұйымдарды көрсеткен болатынмын балаларға.

Алдар:-Мен бұл бұйымды танимын.Бұл торсық деп аталады.

Тәрбиеші:-Ата онда біздің балаларға торсық туралы айтып бересіз бе?

Алдар:-Әрине айтып берем.Торсыққа қымыз, шұбат, сусындар құйылатын ежелгі ыдыс.

Торсық ертеде ата-бабаларымыз ұзақ жолға шыққан кезде осы торсыққа сусындарын құйып алып шығатын. Жол- жөнекей сусындарын қандыру үшін. Торсықты мал терісінен жасаған. Оны жасау үшін алдымен теріні тұздап, бір апта уақыт қоямыз. Кейін ол қоңыр түске енеді, содан кейін оны жүнінен тазартып алдын-ала пішін бойынша қиып алып, екі бөліп теріні жарамыспен немесе шудамен беттестіріп тігеміз. Кейін торсық пішінге келу үшін ішіне қатты ұсақ тастар немесе құм салынады. Содан соң торсықты ою-өрнектепмен әшекеелейміз. Торсықтың әбден сүрленгенін күтеміз. Одан кейін тіккен тігістен сусындар ағып кетпеу үшін қою айран құямыз. Ішіне тұз қосылған сары маймен майлаймыз. Осымен торсық дайын болады. Ал егер кәдесый ретінде пайдалансаң, онда майлаудың қажеті жоқ.

Тәрбиеші:-Балалар шаршаған шығарсыңдар орнымыздан тұрып атамызбен бірге сергіту жасайық.

Сергіту жаттығуы

Үш кесе ішем күніне,

Мен қымызды сүйемін.

Ашытылған күбіге,

Ол сүті ғой биенің.

Балалар қимыл қозғалыспен жасайды.

Тәрбиеші:-Ата сізге көп,көп рақмет!

Алдар: -Сендерге де рақмет,мен енді қайтайын. Қош сау болыңдар.

Балалар: -Сау болыңыз. Тәрбиеші:-Балалар енді атамыз таныстырғандай осы торсықты өзіміз жасап көрейік.



«Торсық» құрымдыланған ойын

Мақсаты: Балалар үш командаға бөлінеді. Әр балаға бір, бірден геометриялық пішіндер таратылады соған қарай балалар үш командаға бөлінеді. Үшбұрыш командасы құм бетіне саусақпен торсықтың суретін салады. Шаршылар командасы қарақұмық дақылын пайдаланып ермексаздың бетіне торсықтың бейнесін тізіп шығарады. Дөңгелек командасы түрлі-түсті бояуды қолданып қағаз бетіне торсықтың суретін бейнелейді. Педагог балаларға осы кезде жанама көмек беріп, сұрақ-жауап алады. Сен немен жұмыс жасап отырсың? Қандай түсті қолдандың? Қарақұмық неге деген сияқты сұрақтар.



Қорытындылау – Бізге қонаққа кім келді?

- Алдар ата келді.
- Бізді бүгін немен таныстырды?
- Бізді бүгін торсықпен таныстырды.
- Торсық не үшін қажет екен?
- Торсық сусын құю үшін қажет.
- Қандай сусындар құямыз?
- Қымыз, шұбат, қымыран т.б.
- Торсықты қандай уақытта қолданған?
- Торсықты ата – бабаларымыз жолға шыққанда қолданған.
- Біз командаға бөлініп ненің суретін бейнеледік?


- Торсықтың суретін бейнеледік.
- Қандай ресурстар пайдаландық?
- Құм,қарақұмық,ермексаз,бояу.Оқу қызметінің соңында педагог балаларға сусын ретінде қымыз ішкізеді.Балалар қуанып қалады.

Ұйымдастырлған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.»

Тақырыбы: Салыстыру

Мақсаты: Заттарды санына қарай салыстыру. Сан мен санды, сан мен торсықты т.б затты салыстыруды үйрету.

Әдіс-тәсіл: көрсету,түсіндіру,сұрақ- жауап алу,салыстыру және жеке жұмыс жасау.



Көрнекіліктер:

торсық,сандар,оюлар және таратпа материалдар.

Күтілетін нәтиже: балалар сан таңбасын таниды,кем артықты ажыратады,салыстыра біледі сан мен цифрды сәкестендіреді.

Ұйымдастыру кезеңі «Санамақ»

Бір үйде біз нешеуміз?

Кел,санайық екеуміз

Басбармағым әкем,

Баланүйрек анам,

Ортан терек ағам,

Шылдыршүмек мен,

Кішкентай бөбек сен.

Бір үйде біз нешеуміз?

Бір үйде біз бесеуміз.

Негізгі бөлім:

Жаңа матариалдың мазмұны.

-Тақтадағы ілінген заттарды санау.

-Заттардың санының көп-аздығын , тең екендігін анықтау.

Таратпа материалдармен жұмыс.

-Торсық пен оюдың санын салыстыру. Неше торсық? (үш), неше ою? (екі)

-Торсық көп пе, әлде ою көп пе?

-Торсық көп, ою аз.

-Торсық артық, ою саны кем.

-Торсық оюдан қаншасы артық? (біреу)

-Оюдың торсықтан нешеуі кем?(біреуі)

Торсық пен оюдың санын қалай теңестіруге болады? деген сұраққа балалардың ізденіс жұмыс ұйымдастыру керек. Торсықтың оюдан біреуі артық, оюдың санын торсықпен теңестіру үшін бір ою қосу немесе торсықтың санын теңестіру үшін бір торсықты алып тастау керектігін балалардың өздеріне таптырған дұрыс. Торсық пен оюдың саны теңестіргенде неше торсық болса сонша ою болады деген ұғымды балалардың түсініп білгені жөн.

Дидактикалық ойын: « Орнына тауып сал»

Мақсаты: Заттардың әрқайсысының санын тауып, оны санына қарай тиісті қораптарға қарай салдыру керек. Мысалы: үш кесе үшінші қорапқа салу керек. Ойын үш, төрт рет ойнатылады. Қателескен бала айып төлейді. Айыбына санамақ айтуы тиіс.

Дәптермен жұмыс:

Ыдыстардың әрқайсысының өз қақпағын жауып, сызық арқылы қосу.

Оқу қызметін «Көп-аз, бір», Қай қолымда көп? ойынымен қорытындылауға болады.

Қорытындылау: Заттарды санына қарай салыстыру арқылы олардың бір-бірімен артық- кемін , қайсысының көп-аздығын, олардың теңестіру жолдарын, сонша ұғымы тең деген ұғыммен пара-пар екендігін үйренеді. Балалардан сұрақ-жауап алу арқылы оқу қызметін қорытындылайды.

-Біз не салыстырдық?

-Сан мен, зат санын салыстырдық.

-Қандай ұғыммен таныстық?

-Аз, көп, сонша ұғыммен таныстық.

Ұйымдастырлған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.»

Тақырыбы: Торсықты әшекейле(дәстүрден тыс)

Мақсаты:Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру.Сурет салудың дәстүрден тыс әдісін қолдану. Таңба немесе баспа түрін жұмсақ губканы пайдалана отырып салуды үйрету. Түрлі бояуларды тиісті түсіне қолдана алу.

Әдіс-тәсіл:көрсету,түсіндіру,дәстүрден тыс губкамен сурет салудың жолдарын түсіндіріп көрсетіп өту.

Көрнекіліктер:бояу,торсық,үлгі жұмыстар және дымқыл шөберек.

Күтілетін нәтиже:дәстүрден тыс сурет салады.



Ұйымдастыру кезені

Шаттық шеңбері:

Мақал-мәтел

1 Әкені көріп ұл өсер,
Шешені көріп қыз өсер.

2 Әке көрген оқ жанар.
Шешені көрген тон пішер.

Негізгі бөлім:

Педагог ұлттық ою-өрнектермен безендірілген ыдыстарды көрсетіп балалардың есіне түсіруіне көмектеседі.

-Ата – бабаларымыз қымыз құятын ыдысты не деп атаған? (торсық)

Педагог торсықтың суретін көрсетеді. Оның пішініне, түсіне және қандай ою-өрнектермен безендірілгеніне назар аударады.

Дидактикалық ойын: «Торсық құрастыр»

Педагог торсықтың тұрмыста не үшін қолданылатыны жайлы қайта әңгімелеп береді.

Бұрындары ата – бабаларымыз ұзақ жолға шыққан кезде торсыққа қымыз толтырып алып, жол- жөнекей ішкен.

Сергіту сәті: Үш кесе ішем күніне,

Мен қымызды сүйемін.

Ашытылған күбіге,

Ол сүті ғой биенің.

Алдымыздағы тапсырманы қалай дұрыс орындау үшін, алдымен қалай жұмыс жасау керектігіне назар аударып көңіл бөлулерін айтады, педагог түсіндіріп өтеді.

-Торсықтың бүгін біз дәстүрден тыс басқа түрін пайдалана аламыз. Ол үшін біз тиісті түсті таңдап алып, губкамен бояуға малып, одан кейін бастырамыз. Содан кейін торсықты әдемілеп әшекейлейміз. Торсыққа қошқармүйіз оюын салып әшекейлейміз. Бояу түстері бір-бірімен үйлесімді болуына назар аудару керек деп түсіндіреді. Сурет салу барысында ұқыпты таза жұмыс жасау керек деп ескертеді педагог. Балалар педагогтың көрсетуімен губкамен сурет салады. Педагог балаларға жұмыс барысында бағыт бағдар беріп отырады.

Балалар салған суреттерін бір-біріне көрсетіп өздері бағалайды. Салған суреттерінен көрме ұйымдастырады.

Қимылды ойын: «Тез жина»

Мақсаты: екі командаға бөлініп, қиылған торсықтың бөлшектерін тез тауып құрастыру керек. Жеңген команда марапатталады. Марапат педагогтың қалауымен. Ойын 3, 4 рет қайталанады

Қорытындылау

-Сендер қандай ұлттық бұйыммен таныстыңдар?

-Торсықпен таныстық.

-Ненің суретін салдыңдар?

-Торсықтың суретін салдық.

-Қандай әдіспен салдыңдар?


-Триз әдісімен салдық.

-Оны қандай оюмен әшекейледік

-Қошқар мүйіз оюымен әшекейледік

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспары «Қазақ халық қазынасы»

Тақырыбы: Қазақтың ұлттық ою-өрнектері.



Мақсаты: Қазақтың ұлттық ою -өрнектері туралы түсінік беру. Атап өтсек қошқар мүйіз, қаз мойын, қызғалдақ ою- өрнектерімен таныстыру.

Әдіс-тәсіл: сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: қазақтың ою-өрнектері қошқар мүйіз, қаз мойын, қызғалдақ, Камзол, тақия, бішпет.

Күтілетін нәтиже: қазақтың ұлттық ою-өрнектерін танып оларды атайды. Сұрақтарға толық жауап береді.

Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері: Қазақтың оюлары-ай, оюлары!

Даладай бояулары қою бәрі!

Күмбезге, тасқа, шиге көшкен нақыш,

Жарайды көрмеге қоюға әлі!



Негізгі бөлім «Оюы көптің өрнегі көп, өрнегі көптің өрмегі көп». Ою - өрнек рухани өмірдің айнасы.

Педагог балаларға слайд арқылы ою-өрнек түрлерін көрсетеді және олармен таныстырады. Ою-өрнек туралы түсінік біледі. Балалар осы ою-өрнектермен сендерді таныстырсыншы деп бүгінгі оқу қызметімізге тігінші апайымызды шақырдым.

Тігінші: Саламатсыңдар ма балалар!

Балалар: Саламатсыз ба!

Тәрбиеші: Қош келдіңіз, төрлетіңіз. Біздің балаларға ою-өрнек туралы айтып берсеңіз жақсы болар еді.

Тігінші: Сендер қандай ою-өрнектермен таныссыңдар?

Балалар: Қошқар мүйіз, қаз мойын, қызғалдақ т.б

Тігінші: Бұл ою-өрнектерді неге пайдаланамыз, қайда пайдаланамыз?

-Біз оларды материалдарына қарай пайдаланамыз (металл, ағаш, және т.б)

-Орындалу техникасы ою-өрнек салу, кесте, құрау, тігін және т.б.

Тігінші дәлел ретінде бірнеше ою-өрнек түскен заттарды көрсетеді.

-Балалар қолымдағы қандай зат, бұны кімдер киеді деп ойлайсыңдар, бұл киім қалай аталады?

Балалар: Бұл киім камзол деп аталады, бұны әжелер, аналар мен қыздар киеді

Тігінші: Дұрыс айтасыңдар.

Тігінші: Камзолда қандай ою-өрнектер таныс сендерге?

Балалар бар білгенін айтуға тырысады.

Тігінші: Балалар бұл камзол да қошқар мүйіз оюымен және қаз мойын өрнегімен өрнектелген екен.

—Ендігі қолымдағы қандай зат, ол қалай аталады, кімдер киеді?

Балалар: Тақия бұл. Тақияны аталар киеді.

Тігінші: Тақияда қандай ою бар?

Балалар өз жауаптарын айтады.

Тігінші: Тақияда қаз мойын ою бар.

—Ендігі зат қалай аталады, оны кімдер киеді?

Балалар: түрлі жауаптар береді.

Тігінші:Бұл бiшбет,бiшбеттi қыздар киедi.

–Бiшбетте қандай ою- өрнектер әшекеленген?

–Бiшбет те балалар қызғалдақ ою-өрнегімен әшекелейінген. Тігінші балаларға басқада заттар

көрсетеді.Мысалы,сандық,кілем,текемет,алаша,домбыра т.б. Балалар әр оюдың өз сыры бар, әр ою бір жануарды,өсімдікті,құсты және геометриялық пішіндерді бейнелейді.Мысалы, алатын болсақ бота көз оюын бұл ою түйенің баласының көзін бейнелейді.Қызғалдақ оюы гүлді бейнелейді.Тұмарша геометриялық үшбұрыш пішінді бейнелейді.Ою –өрнектердің сырлары өте көп.Келешекте ою –өрнектің түрі мен мағыналық мазмұнымен танысып зертейміз.Ал қазірше сендермен ойын ойнағым келеді. Алдыменен серігіп алайық.

Сергіту сәті (қимыл- қозғалыспен)

Ал,балалар тұрайық,ою- өрнек сызайық.

«Қой ізі» мен«Қос мүйіз»,«Қарға тұяқ»,«Құс қанат»

«Бұршік » пен «Гүл» әдемі,ою- өрнек әлемі,

Қолға ине алайық,сәндік өрнек сызайық.

Дидактикалық ойын: «Оюды құрастыр, атын ата»

Ойын шарты: Педагог балаларға ою-өрнек түрлерінің қиындылығын береді.

Қошқар мүйіз, ирек, қызғалдақ, құс қанаты т.б оюлар. Әр бала ою-өрнекті құрастырып,қандай ою екенін айтады.

Тігінші:балалар мен енді қайтайын сау болып тұрыңдар.

-Сау болып тұрыңыз, бізге тағы да келіңіз.

Ою - өрнектер



түйетабан



кобелек



қошқар
мүйіз



кемпірқосақ



құстұмсық



өркеш



құсқанаты



Мүйіз

Қорытынды: Бізге қонаққа келген кім?

-Бізге қонаққа келген тігінші апай.

- Тігінші апай нелермен таныстырды?

-Ұлттық киімдермен және ою-өрнектермен таныстырды

-Ою-өрнек туралы не білдіңдер?

-Әр ою-өрнектің өз сыры бар екенін білдік.

-Қошқар мүйіз деп неге аталған?

-Қошқар мүйіз деп аталған себебі ,қошқардың мүйізіне ұқсағандықтан солай деп аталған.

-Қандай материалдарға қолданады ою-өрнектерді?

-Матаға,металлға,ағашқа.

Ұйымдастырлған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.»

Тақырыбы: 1 саны мен цифры.


Мақсаты: 1 саны және цифрымен таныстыру. Көп ұғымнан бірді бөліп алу.

Әдіс-тәсіл:көрсету,түсіндіру,таныстыру,таратпа материалдармен жұмыс.

«Оюлар әлемі» сюжетті ойыны қолданылады

Күтілетін нәтиже:1санының таңбасын таниды.Көптің ішінен бірді бөліп алады.

Көрнекіліктер:1саны,карточкалар және таратпа материалдар.



Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

Жіңішке жалғыз таяқша,

Бір саны ол айрықша.

-Балалар біз қай сан туралы санамақ айттық?

–Біз 1 саны туралы санамақ айттық

-Өте дұрыс айтасындар

Негізгі бөлім

Жаңа оқу қызметінің мазмұны:

Сан ұғымына шамаларды салыстыру арқылы келу – дамыта отырып оқытудың бірден – бір жолы. Сондықтан бір санын көптен бөліп алу, көптің ішінде ерекше белгісі бар, өзгеше оюды бөліп алуға, салыстыруға үйрету қажет.

Ою -өрнектермен жұмыс.

Балалардың зейіні түрлі ою-өрнектерге аударылады. Сұрақ – жауап арқылы көптің ішінен бірді бөліп алу көзделеді. Сурет бойынша қандай ою?(көп).

Оның ішінде өзгешесі бар ма?(Бар. Бір ою өзге оюларға ұқсамайды). Қошқар мүйіз ою қанша?(көп). Тұмарша ою қанша?(біреу).

Сонымен (қошқар мүйіз)көп тұмарша ою біреу. Көп оюлар арасын ерекше тұмарша ою бөлініп алынды. Бір деген сөзді бала өзі айтуы керек.

Ұғымды бекіту үшін «**Оюлар әлемі**» деген сюжет бойынша әдіс жүргізіледі.

Мысалы: әжеме камзолды әшекейлеу үшін оюдың ішінен қаз мойын оюды біреуін таңдап алады. Сондай-ақ бір қошқар мүйіз, бір тұмарша, бір түйе табан т.б деп ұғымды қайталап тиянақтайды.

Педагог балаларға бір цифрының таңбасымен таныстырады. Бірдің осылайша пайда болатынын түсіндіреді.

«Сиқырлы оюлар» құрымдалған ойын ойналады.

Мақсаты: Балалар үш топқа бөлінеді, әр бала бөлінген топқа қарай, берілген тапсырманы материалдарға қарай орындайды бір оюды, бір цифрды салады, мүсіндейді,бұршақпен құрастырады. Топқа бөліну үшін әр баланың қолына түрлі оюлар таратылады ,сол оюға қарап балалар үш немесе төрт топқа бөлінеді.Осылайша командаға бөлініп тапсырманы орындайды.Ойын барысында педагог жанама көмек беріп отырады.

Осылайша балалардың білімін қаншалықты түсінгендерін тексеруге болады.Балаларға бір бірінің жасаған жұмыстарын көріп бағалауға жол бере отырып ,балардың бір біріне деген құрметпен қарауға тәрбиелейді .

Қорытынды: Балалармен кері байланысқа түсу. Сұрақ-жауап алу. Қандай оюларды көрдік? Қай ою біреу-ақ? Қандай ойын ойнадық? Бір цифры неге ұқсайды? Балалардың жауабы тыңдалады.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.»

Тақырыбы: «Сәндік- қолтанбалы өнер»

Мақсаты: Қазақтың сәндік қолтанбалы өнер бұйымдармен таныстыру.Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін тұрмыстық заттарға дұрыс орната білу.Ою –өрнек элементтерінің жазықтықта дұрыс орналасуын аңғаруды үйрету.Ою-өрнектердің аттарын атай білу.

Әдіс- тәсіл:көрсету,таныстыру,үйрету

Күтілетін нәтиже:Қазақтың ұлттық ою- өрнектерін тұрмыстық заттарға дұрыс орната білу. Сырмақ пен киіздің айырмашылығын білді.

Көрнекіліктер: Ұлттық бұйымдар, ою- өрнектер



Ұйымдастыру кезеңі

Мақал – мәтелдер:

1. Өнер сыры- өрнекте.
2. Ою ойғанның ойы үшкір.
3. Ою ойған сызуды сызады.
4. Үлгісі көптің өрнегі көп

Негізгі бөлім:

Балалар осы ою-өрнек туралы мақал-мәтелден кейін ауылға әжеміздің үйіне барғым келіп кетті. Сендердің ше?

- Біздің де барғымыз келді. Онда бәріміз бірге ауылға әжеміздің үйіне қонаққа барайық. Балалар жолға шығады. Жолда түрлі нәрселер көріп, тігінші апайдың айтқаны естеріне түсіп табиғатта көргендерін айтып мына гүл қызғалдақ оюына ұқсайды, суда жүзіп жүрген құс қаз мойын оюына ұқсайды деп мәз майрам болып, әженің үйіне келіп жеткенінде білмей қалады. Балалар өте қуанышты күйде болды.

Әжесі балалардың келгеніне өте қуанышты болады. Балалар әжелеріне жолда не көргенін айтып әжелерінің де көңілін бір марқайтып тастайды.

Әже:-Келгендерің өте жақсы болды, маған көмектерің керек еді сендердің.

Тәрбиеші:-Қандай көмек керек бізден?

Әже:-Мен қазақтың ұлттық ою-өрнектерін пайдаланып көптеген заттарды безендіремін. Қазақтың сәндік-қолтанбалы бұйымдарына (сырмақ, текемет, түскиіз) ыдыс-аяқ салуға арналған сөмкелер (аяққап), былғары белдіктерді нақышына келтіріп әшекейлеймін. Бүгін сендер маған сырмақ тігуге көмектесіңдер?

Балалар:Әже сырмақ деген не?

Әже:Сырмақ деген балалар көне дәуірден келе жатқан көшпенділердің материалдық мәдениетінің озық жетістіктерінің бірі. Сырмақ (сыру деген сөзден шыққан)-ою бастырып немесе жиекпен өрнектеліп сырылып жасалған түрлі- түсті төсеніш. Биязы жүннен басылған жұқа киіздің бетіне оюлар салынып, кенеппен астарлап сырмақ жасайды. Ол негізінен мал баққан қазақ, қырғыз сияқты көшпелі малшыларға тән бұйым. Оның ою- өрнегіне және көлеміне сәйкес бірнеше түрі бар. Ошақ тұсы, ортасы ашық келетін, дөңгелектене жасалған көлемді сырмақ **откиіз, шай сырмақ** деп те атайды.

—Балалар, сырмақ не екенін білдіңдер ма?

—Иә, білдік.

-Ендеше әжеге көмектесеміз бе?

-Иә, көмектесеміз.

Онда алдымен сергіту сәтін өткізейік.

Сергіту сәті

Өрмекші өрмелеп келеді,

Өрмегін тігіп, өрмелеп келеді.

Көбелек ұшып жүріп, торға түсті,

Бұлқынды, тартынды,
Торды үзіп, ұшып кетті.

Балалар педагогпен бірге әженің көмегімен сырмақты қалай тігу керектігін үйреніп тігеді. Түрлі ұлттық ою-өрнектерді пайдаланады.

Мысалы, атап өтсек қошқар мүйіз, қос мүйіз, қаз табан т.б. Әжеге көмектесіп болғаннан кейін балалар кері қайтуға әрекет жасайды. Әже балаларға ризашылығын білдіреді, балаларға жолда жейсіндер деп құрт салып береді. Балалар топқа келіп «Тақия тастамақ» ойыны ойнайды.

Тақия тастамақ

Ойым бар, бір ойын бастамақ,

Аты оның-«Тақия тастамақ»

Шеңбер боп отыра қалыңдар,

Болмасын асығу-сасқалақ.

Ақырын, аспаймыз-саспаймын,

Шеңберді айнала бастаймын.

Біріңнің тұсыңа келгенде,

Сездірмей тақия тастаймын,-деп ойынды бастаушы бала өлеңді термелей келіп, бір баланың жанына тақияны тастай салып, жүгіре жөнеледі. Қолына тақияны алып, бала отырып үлгергенге дейін тақиямен ұруы керек. Егер қуып жете алмаса, айыбын қазақтың сәндік қол таңбалы заттардың біреуін атау керек. Мысалы, торсық, шаңырақ, сандық т.б. Айыбын өтеп болып, ойынды өзі жалғастырады.

Қорытындылау:

-Балалар біз қайда бардық?

-Біз ауылға әженің үйіне бардық.

-Әже бізге не туралы айтты?

-Әже бізге сырмақ пен киіздің айырмашылығын айтып түсіндірді.

-Киіз неден жасалады екен, тігеді ме әлде баса мекен?

-Киіз жүннен жасалады екен және киізді басады екен.

-Сырмақты тігеді ме әлде басама қалай жасалады екен?

-Сырмақ (сыру деген сөзден шыққан)-ою бастырылып немесе жиекпен өрнектеліп сырылып жасалатын төсеніш.

-Біз қандай ойын ойнадық?

-Біз қазақтың ұлттық «Тақия тастамақ» ойынын ойнадық .

Ұйымдастырлған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.»

Тақырып: Құрақ көрпе

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық бұйымы құрақ көрпемен таныстыру. Қазақтың ұлттық оюларын дұрыс қолдана білуге тырысу.

Әдіс- тәсіл: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап алу және сырмақ тігу әдісімен таныстыру.

Көрнекіліктер: Құрақ көрпелердің түрлері, ою түрлері және таратпа материалдар.

Күтілетін нәтиже: балалар қазақтың ұлттық бұйымы құрақ көрпе таниды. Оюларды қолдана біледі.



Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

Құрақ көрпе, қандай әсем қарашы,
Ағын, көгін, қызыл, сары, қарасын.
Бес бояумен алты шаршы құрақты,

Қандай өнер, тауып көре ғой шарасын.

Негізгі бөлім:

Таңғалдыру сәті: Топқа әже келеді.

Әже балалармен амандасады.

Балалар қуанып қалады, әжені қуана қарсы алады.

-Балалар әжені өзім арнайы шақырдым, сендерді қазақтың ұлттық бұйым көрмесімен таныстырсын деп.

Әже өзімен бірге түрлі көрпелер үлгісін әкеліп, айтып көрсетеді. Құрақ көрпе туралы біраз мағлұматтар береді. Құрақ көрпе түрлерімен таныстырады.

Балалармен тағы әңгіме жүргізеді.

Құрақ – дүрия, батсайы, торғын, сәтен, жібек, шәлі т.б. матадан жасалып, сырты кестеленеді. Тігілу қажетіне қарай қалың, жұқа, үлкен, кіші етіп жасайды. Ал енді келесі геометриялық пішіндегі мата қиындыларын әшекейлеп, өрнекпен құралып жасалған түрі құрақ көрпе деп аталады екен. Осы сипаттамамен беріліп отырған көрпе түрі – құрақ көрпе.

Сергіту сәті

Әжем үшін күнде мен,

Отынға ағаш жарамын.

Су құямын гүлге де,

Дүкенге де барамын.

Сыпырамын үй ішін

Жуам аяқ -табақты

Жылай қалса, бөпемді

Жұбатамын ойнатып

Дидактикалық ойын: «Құрақ көрпе құра»

Мақсаты: Балаларға екі түрлі геометриялық пішіндер беріледі. Оған үшбұрыш және тік төртбұрыш беріледі. Үшбұрыштарды екі жолмен құрайды. Бір жүйені үстіне қарай, ал екінші жүйені астына қарай құрау керек. Әже балалардың жұмысын көріп өте қуанышты болады. Балаларға түрлі көрпе үлгісін сыйға тартып, өзі қайтады.

Қорытындылау

-Балалар бізге кім қонаққа келді?

- Әже келді.

-Әже бізді қандай заттармен таныстырды?

-Құрақ көрпелермен.

- Біз не жасап бердік?

-Құрақ көрпе тіктік.

-Бізге әже не сыйлады?

-Түрлі маталармен оюлар сыйлады

-Қандай ойын ойнадық?

-Құрақ көрпе құра ойынын


Ұйымдастырлған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.»

Тақырыбы: Балалардың 1 цифры туралы білімін бекіту. Үшбұрыш (өзге фигуралардың арасынан табу) кайталау

Мақсаты: 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру. 1 цифрын өзге сандардың арасынан табу. Цифрды заттың санымен салыстыруға үйрету. Үшбұрыш пен тіктөртбұрыштың айырмашылығын анықтау.

Әдіс -тәсіл: түсіндіру, көрсету, салыстыру, сұрақ жауап алу , таратпа материалдармен жұмыс.

Көрнекіліктер: сан, геометриялық пішіндер үшбұрыш т, б. құрақ көрпелер



Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

Жіңішке жалғыз таяқша,

Бір саны ол айрықша.

Негізгі бөлім

Суретпен жұмыс

Сурет бойынша әңгіме жүргізу.

Суретке мұқият қараймыз.

Сұрау – жауап арқылы көптің ішінен бірді бөліп алу кездеседі.

Сурет бойынша қанша құрақ көрпе? (көп)

Оның ішінде өзгешесі бар ма? (Бар. Бір құрақ көрпенің ою-өрнектері өзгеше)

Құрақ көрпенің ішінде қаншасы қызыл түсті? (Қызыл түсті құрақ көрпе біреу)

Сонымен бір ою – өрнекті құрақ көрпе, бір қызыл түсті құрақ көрпені көптің ішінен өзіне тән ерекшелігіне қарай бөлініп алынады. Бір деген сөзді бала өзі айтуы керек.

Бір қызыл түсті, бір көк түсті, бір жасыл түскен құрақ көрпе деп санап шығады.

Ұғымды бекіту үшін «Әженің ою-өрнегі» деген сюжет бойынша әңгіме жүргізіледі. Мысалы: Әсем әженің ою – өрнегінің ішінен бір құс қанат оюын алды.Сондай-ақ бір қошқар мүйіз, бір тұмарша т.б деп қайталап айтады

Таратпа материалдармен жұмыс жасайды. Тапсырманы көрсетілген үлгідей орындаулары тиіс.Ою-өрнектердің әр түрінен бір- бірден алып қорапқа салу керек.Балалар ойынға қызыға кіріседі.

Сергіту сәті

Ал балалар тұрайық ,

Ою- өрнек құрайық .

Қошқар мүйіз,ботагөз,

Тұмарша мен құс тұмсық,

Құс қанаты,ирек су, ою өрнек әлемі.

Қолға қайшы алайық,

Сәнді өрнек салайық.

Бір санын балалар Патша саны деп атайды.Өйткені әлемде ең қымбат жан ең маңызды нәрселер біреуден.Мысалы,ең қымбат адам ол кім ,ол біздің анамыз .Анамыз қаншау?Анамыз біреу.Соғып тұрған жүрегіміз нешеу?Жүрегіміз біреу.Ал енді сендер айтыңдар не нәрсе біреу ?Балалардың жауабы:күн,ай,жер шары,бас,адамның өзі ,президент т.б.Дұрыс.Енді ойлан,«жалғыз» сөзі нені білдіреді? Бір дегенді білдіреді.Дұрыс,ол «бір» деген мағынаны береді.«Бірді» таңба арқылы көрсетеді.Балаларды 1цифрының таңбасымен танысады.Бір цифры неге ұқсайды?-деген сұрақ қойылады.Жауап: таяқшаға 1. үлгіге қарап дәптерге жазамыз.


Дәптердегі үлгі бойынша таяқша салу (бір жолға).Педагог балаларға жазуға көмек береді.

Ойын: «Көп – аз ,бір» дидактикалық ойыны .

1 санының пайда болуы, 1 цифрымен таныстырып, жаттығуды толықтырып, өзіндік жұмыс жасату.

Бір

Көп



Қорытындылау:

-Балалар біз қандай цифрмен таныстық?

-1 цифрмен таныстық

-1цифры қандай сан деп атайды?

-Патша саны деп атайды.

Ұйымдастырлған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.»

Тақырыбы:«Шебер қолдар»

Мақсаты:Балаларды қазақтың ұлттық бұйымдарымен таныстыру .Құрақ көрпені ою -өрнектермен әшекелей білуге үйрету. Ұлттық сәндік - қолтаңбалы өнерге деген қызығушылықтарды арттыру және көркемдік талғамын дамыту.Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.



Әдіс- тәсіл:Көрсету,таныстыру,түсіндіру,әңгімелеу.

Көрнекіліктер:қазақтың ұлттық ою- өрнегі және қазақтың ұлттық бұйымы- құрақ көрпе.

Күтілетін нәтиже:ұлттық сәндік-қолтаңбалы өнер ұғымының мәнін.Өрнектерді дұрыс орнастыла білу.Ою-өрнектердің ою жолдарын біледі

Ұйымдастыру кезеңі:Педагог«Шебер қолдар»тақырыбында әңгіме жүргізеді,балалардың естеріне сәндік- қолтаңба туралы мәліметтерді естеріне түсіріп,толық жауап алады,анық сөйлеуін қадағалау.

Негізгі бөлім

Балалар бүгінгі оқу қызметіміз ерекше болмақ.Бүгін біз сендермен «Шебер қолдар»үйірмесіне барамыз.Бару өңай емес ол үшін бізге билет керек.Билет алу үшін тапсырмаларды орындау керек.Тапсырма сиқырлы сандықтың ішінде.



Дидактикалық ойын«Сиқырлы сандық»

Мақсаты:Сандықтың ішінде түрлі- түсті асықтар бар.Әр асықта тапсырма.Тапсырманы орындаған бала билет алады.

Сары түсті асықты алған жұмбақ жасырады.

Жасыл түсті асықты алған бала мақал- мәтел айтады.

Қызыл асық алған бала қазақтың ұлттық бұйымдарын атайды.Көк түсті асықты алған ұлттық бұйымдарды атайды.

Педагог балалармен бірге автобуска отырып«Шебер қолдар»үйірмесіне келеді.Шебер қолдар үйірмесіндегілер балаларды өте жылы қабылдайды.

Педагог:-Біз сіздерден шеберлікті үйренуге келдік ,тігіс тігуді үйреңгіміз келеді.

Шебер:-Біз сіздерге үйретеміз, көмектесеміз.Алдымен шеберханамызбен таныстырайын.Біздің шеберханада көптеген қол өнерлері бар.Мысалы,бейнелеу өнері ,көркем кестелеу,өру (тоқу) өнері,тағыда сәндік-қолтаңбалы өнерлері бар.

Педагог:-Біздің балаларға сәндік-қолтаңбаларды үйретіңіздер.Біздің балалар құрақ көпе тікілері келеді.

Шебер:-Онда көп кідірмейік.Мен сендерге құрақ көрпені тігу үшін қандай материалдар қолданатынымызды таныстырайын. Бүгін сендер қағазбен жұмыс жасайсыңдар.

Сергіту сәті

Ал балалар тұрайық,

Ою -өрнек құрайық.

Қошқар мүйіз,ботагөз,
Тұмарша мен құс тұмсық.
Құс қанаты,ирек су,ою -өрнек әлемі.
Қолға қайшы алайық,ою- өрнек қияйық.
Шебер жұмыстың жолдарымен таныстырады.

1.Қағаздан қазақ ұлттық ою өрнегін қиып алыңдар.

2.Композиция симметриясын сақтап отырып.

А3 форматта құрақ көрпені белгілеп алыңдар.

3.Ою өрнек элементтерін парақ беріне түсіріңдер.Желімдендер.Жұмыс барысында педагог балаларға көмек береді.

Балалар шеберге рақметін айтып кері қайтады.

Топқа келін балалар «Жұбын тап»деген қимылды ойын ойнайды.

Қимылды ойын«Жұбынды тап»

Мақсаты:балалар екі топқа бөлінеді де екі қатарға бір -біріне теріс қарап тұрады.Педагог балалардың басына оюы бар атрибуттар кігізеді.Бір, екі ,үш дегенде балалар жұбын табу керек.Жұбын табу үшін балалар бір- біріне бастарында қандай ою екенін айтып табу керек.Қателескен бала айыбын өтейді.Ойын үш,төрт рет қайталанады.

Қорытындылау

-Біз бүгін қайда бардық?

-Біз шебер қолдар үйірмесіне бардық.

-Бізге не керек болды бару үшін?

-Бізге билет керек болды?

-Қандай ойын ойнадық?

-Сиқырлы сандық.

-Үйірмеде не істедік?

-Үйірмедегі өнерлермен таныстық.

-Не қиып желімдедік?

-Құрақ көрпе.

-Қандай қимылды ойын ойнадық?

-Жұбынды тап деген ойыны

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.

Тақырыбы:«Киіз үйдің жабдықтары»

Мақсаты:Киіз үйдің жабдықтарымен таныстыру.Атадан-балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтауға баулу.Киіз үй жабдықтары туралы айтып,балалардың есте сақтай білу қабілеттерін баулу.

Әдіс -тәсіл:сұрақ- жауап,көрсету,таныстыру,түсіндіру.

Көрнекіліктер:Киіз үйдің суреттері,макет,киіз үй жабдықтары.

Күтілетін нәтиже:Киіз үйдің жабдықтарының атауларын атай білу.Киіз үйдің қазақ халқының тұрмысындағы пайдасын білу.

Ұйымдастыру кезеңі

Киіз үйге кіргенде,	Киіз үй қазақтың ,
Бәрі басын иеді.	Жер шарындай дөңгелек.
Оның сырын білгенге,	Түлектен сан ұл- қызды,
Шаңырақ қой киелі.	Киіз үйім -дастаным.
Кереге, уық ғажайып тым,	Ай мен Күн,жұлдызды,
Кестелі ою өң береді.	Шаңырақ қой аспаным

Негізгі бөлім

–Балалар , суретте ненің суретін көріп тұрсындар?

-Киіз үй туралы не білесіңдер?

-Киіз үйдің ішіне кім кіріп көрді?

-Киіз үйді неден жасайды?

-Киіз үй жабдықтарын білесіндер ме?

Педагог балаларға киіз үй туралы мағлұмат беріп өтеді. Киіз үй-мал баққан көшпелі халықтардың қысы, жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол құрылып тез жиналады. Қыста жылы, ал жазда салқын болады. Көлеміне және сырқы кейіпіне қарай әртүрлі болып келеді. Киіз үйдің негізгі қанқасын –киіз үйдің сүйегі деп атайды. Олар кереге, уық, шаңырақ, есік немесе сықырлауық. Бұл сүйектері көлеңкеде кептірілген талдан, жіңішке қайыңнан немесе теректен жасалынады. Киіз үй жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оны тек шебер- үйші жасайды. Үлкен болғанда киіз үйді тігуді үйренесіндер. Ал қазыр киіз үй ішіндегі жиһаздармен танысамыз. Киіз үйдің ішіндегі жиһаздар-сандық, жағлан, кебеже, әбдіре, асадал т.б.

Әбдіре(абдыра)-үй бұйымдары мен ұсақ түйек заттарды сақтайтын көлемі әртүрлі болып келетін сандық түрі.

Асадал-ыдыс- аяқ және азық- түлік сақтауға арналған ерекше мүліктің бірі. Ал-тағам, ыдыс- аяқ сақтауға арналған мүлікті **кебеже** деп атаған. Енді айта берсек өте көп олармен жәймен, жәймен танысымыз. Педагог осы бұйымдардың суретімен таныстырады. Бәріміз орнымыздан тұрайық. Сергіту сәтін жасайық. Сергіту сәтін жасау үшін, ортаға бір балала шығады, қолына қол шатыр ұстап тұрады, ол шаңырақ болады. Қалғанымыз ою өрнектелген әдемі матаны орап, киіз үй болады. Осылай сергіту сәтін орындаймыз

«Шаңырақ» сергіту сәті

Балалар шеңберді айнала ұстап, төбелеріне көтереді. Олар «уық» сияқты қолдарымен, «шаңырақты» мықтап ұстайды да, түндіктен «көк аспан мен жұлдызды» көреді.

Көтеріліп шаңырақ,

Уықтары шаншылар.

Кергелер керіліп,

Өмірдей боп өрілер.

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй болып көрінер.



«Сықырлы қоржын» дидактикалық ойын

Ойын шарты: Қызыл, жасыл, сары, көк түске боялған асықтар сандық ішінде жатады. Әртүрлі тапсырмалар болады. Қызыл түсті асықтың тапсырмасы-киіз үйдің қанқасының бөлшектерін атау керек. Сары түсті асықтың тапсырмасы-

киіз үй жиһаздарын атау керек .Көк түсті асықтың тапсырмасы-киіз үйдің қаңқасы қандай ағаштан жасалғанын айту керек.Жасыл түсті асықтың тапсырмасы үй жиһаздарының қолдануы туралы айтады.Осылайша ойынға барлық бала қатысады.

Қорытындылау

Тәрбиеші балаларға кезегімен доп лақтырады допты қағып алған бала қойылған сұраққа жауап беруі тиіс.

-Балалар біз сендермен немен таныстық?

-Киіз үй мен және киіз үй ішіндегі жиһаздармен.

-Киіз үйдің қандай қаңқалары бар?

–Кереге,уық,шаңырақ,есік немесе сықырлауық.

–Қандай үй жиһаздарымен таныстық?

-Асадал,кебеже,әбдіре.

Ұйымдастырған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.

Тақырыбы:2 саны мен цифры,Қосу,азайту,амалдары.

Мақсаты:Балаларды 2 санының пайда болуы,2- нің алдындағы санды шығарып алуға үйрету.2 саны мен азайту амалдарымен таныстыру.2цифрын таңбасымен таныстыру санының сұлбасын сызу.

Әдіс- тәсіл:Көрсету,түсіндіру,таныстыру.

Көрнекіліктер:сандар,киіз үйдің макеттері,таратпа материаладар т.б.

Күтілетін нәтиже:2 саны мен цифр таңбасын тану.Азайту амалдарын оындай білу.



Ұйымдастыру кезеңі

а)Өткен оқу қызметін еске түсіру.

ә)1санының пайда болуы.

б)1цифры

Негізгі бөлім:

Жаңа материалдың мазмұны. Оқу қызметі «Жайлауда» тақырыбына байланысты әңгімеден бастаған жөн. 2 санынан бұрын қосу амалымен танысады. Жайлауда бір киіз үй тігіліп тұр еді, оған тағы бір киіз үй тігілді. Сонда неше киіз үй болды? (екі). Біге бірді қосқанда екі болады. Киіз үйде екі кебеже тұр еді, біреуін алып кетті. Нешеу қалды? (Біреу). Екіден бірді алғанда бір қалады. Сөйтіп азайту амалымен танысады. Бірден кейінгі сан – екі, екінің алдындағы сан – бір. Бір үлкен әбдіреге бір кіші әбдірені қоссақ, екі әбдіре болады. Екі асадалдың біреуі сынып қалып еді, біреуі қалды. «Жайлауда» атты тақырыпқа берілген сурет бойынша балалар әңгімелеп жаттығады. Екі қозы жатыр. Сиырдың екі бұзауы жүр. Түйенің екі өркеші бар т.б. сөйлемдер құрап, өздерінің ойларын математикалық жүйеде әңгімелейді.

Сергіту сәті

Міне, екі саны тұр,

Қараңдаршы неткен тұр!

Мойнын алға иеді,

Құйрығы еріп жүреді.

Өзіндік жұмысты орындауда педагог ойын ұсынады.

«Бір шаңырақ» еркін ойын .

Мақсаты: педагог балаларды түрлі ресурстармен қамтамасыз етеді. Балаларды ойын шартымен таныстырады. Ойнау барысында екеу, екеуден, киіз үй, әбдіре, асадал, кебеже сөздерін қолданып ойнаулары тиіс екенін ескертіп айтады. Балалар ойнау барысында педагог бақылау жүргізеді. Балалар қаншалықты ойын шартын түсінгенін, ойыннан ауытқыған жағдайда жайменен естеріне салу.

Педагог балаларды 2 санының таңбасымен таныстырады.

- 2 цифры неге ұқсайды? (түйенің мойнына

- 2 цифры. Оны жазу алгоритмімен таныстырылады. 2 цифрдың баспа түріндегі элементтерін үзік сызықты бастыра жүргізіп жазуды 2 цифр үлгідегідей бір жолға жазылады. Дамытушылыққа берілген тапсырмада 2 санының қасына екі заттың суреті салынып, суреттің саны жанындағы бос орынға жазылады.

Қорытындылау

- Бұл оқу қызметінде қандай санмен таныстық?

- Біз бүгін 2 цифрмен таныстық.

- Қандай амалдармен таныстық?

- Қосу және азайту амалымен.

- Қандай сөздер қолдандық?

- Екі, бір, кебеже, әбдіре, асадал т.б.

- Қандай санның таңбасын жаздық?


- 2 санының таңбасын жаздық.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.

Тақырыбы: Киіз үй (дәстүрден тыс сурет салу)

Мақсаты: Балаларға дәстүрден тыс, триз әдісін пайдалана отырып ,нақты атап айтсақ, дәнді дақылдардан,кұм бетіне,мақталы таяқшамен,балауыз шаммен сурет салуға үйрету.Таза, ұқыпты етіп салуға баулу.Шаңырақ киіз үйдің ең мағыналы,маңызды бөлшегі екенін түсіндіру.Ата- бабамыздың құндылығын қадірлеуге тәрбиелеу.

Әдіс- тәсіл: көрсету,түсіндіру,мақталы таяқшамен жұмыс жасау жолдарын көрсетіп,түсіндіру,әңгіме жүргізу.



Көрнекіліктер: үлгі жұмыс,киіз үйдің суреті мен макеті,бояу,мақталы таяқша т.б.

Күтілетін нәтиже:дәстүрден тыс сурет сала білу.Ата -бабамыздан қалған құндылықты қадірлеуді.Шаңырақ мағынасын түсінеді.

Ұйымдастыру кезеңі

-Қанекей балалар,барлығымыз орнымыздан тұрып,жылулық шеңберіне тұрайық. Бір- біріміздің қолымыздан ұстап , алақан арқылы бір- бірімізге жылу беріп,жылы сөздер айтайық.Мысалы«Сен менің ең жақсы досымсың.Сен сұлусың, қояным,т.с.с.» Балалар жылулық шеңберіне тұрып бір- біріне жылы сөздер айтады. Балалар біз күні бойы бір шаңырақ астында жүреміз ,балабақша біздің екінші үйіміз.Сондықтан біз бүгін осы киелі шаңырақ туралы өтеміз.

Негізгі бөлім Педагог балаларға өлең оқып береді

Көтеріліп шаңырақ,

Уықтары шаншылып.

Керегелер керіліп,

Өмірдей боп өрілер.

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй боп көрінер.

Кіріспе әңгіме

- Балалар,менің осы оқыған өлең шумағым не туралы, не жайлы екен?

-Киіз үй туралы.

– Киіз үйдің қанқалары қалай аталады?

-Кереге,уық,шаңырақ,есік .

–Киіз үйдің әр бөлшегі маңызды.Әсіресе шаңырақ.Шаңырақ ол әр отбасының берекесі.Сондықтан шаңырақты киелі деп санайды. Ата- бабаларымыз бұрын көшіп қонып жүрген ,киіз үй көшкенге ыңғайлы болған.Сондықтан біз ата- бабамыздан қалған мұраны қадырлейік. Педагог балаларға киіз үйдің суреттерін көрсетіп таныстырады, яғни естеріне түсіреді. Киіз үйдің қанқасымен жекелеп таныстырады. Бүгін осы киіз үйдің қанқасын салатынын айтып өтеді.Сурет салмас бұрын орнымыздан тұрып сергіту жаттығуын орындайық.

Сергіту сәті

Қане,қане тұрайық, (орындарында тұрып шеңбер болып құшақтасады)

Үлкен шеңбер құрайық. (шеңбер болып жүреді)

Тұрсақ енді шеңберге, (бір орында тұрады)

Керегені құрайық. (құшақтарын жібермейді)

Уық болып киіліп. (қолдарын жоғары көтеріп иіледі)

Шаңырақты құрайық. (бір орында тұрады)

Балалар бүгін біз суретті ерекше әдіспен саламыз . Ол үшін біз төрт топқа бөліну керекпіз.Осылайша ойын түрде өткіземіз.

«**Шебер қолдар**» құрылымдалған ойын. Педагог балаларға киіз үйдің қанқаларының суретін таратады.Алған суреттері бойынша,балалар төрт топқа бөлінеді.

Ойын мақсаты: Әр топ, әр түрлі ,әдіспен сурет салады.Шаңырақтың суретін алған балалар балауыз шаммен шаңырақтың суретін салады.Уықтың суретін алған балалар уықтың суретін үрмебұршақпен құрастырып салады.Керегенің

суретін алған балалар керегенің суретін мақталы таяқшамен бояуды пайдаланып салады.Есіктің суретін алған балалар есіктің суретін құм бетіне салады. Балаларға сурет салу жолдарын көрсетеді.Жұмыс барысында педагог жанама көмек беріп отырады.

Балалардың жұмысы біткенде балаларға бір- бірінің салған суреттерін көріп тамашалауға болатынын айтады.Балалар салған суреттері туралы бір- біріне қуана айтады

«Тәтті сөздер» ойыны

Балалар біз бір шаңырақ астында күні бойы жүреміз.Ендеше қанеки,бәріміз бір- бірімізге

«Тәтті сөздер»сыйлайықшы:Мысалы:бауырсақ,мәмпәси,шырын,кәмпит,т.с.с. сөздер қайда кездеседі?Адамдар бір- бірімен сөйлескенде.Ендеше бәріміз бір шаңырақ астында тұрғанда бір бірімізге үнемі тәтті,жылы сөздер айтайық.

Қорытындылау

- Балалар біз не білдік?

—Дәстүрден тыс сурет салуды.

—Шаңырақтың,уықтың,керегенің және есіктің суретін салуды.

—Шаңырақ киелі екенін.

—Киіз үй көшуге ыңғайлы үй екенін білдіреді.

Ұйымдастырлған іс-әрекеттің жоспары «Қазақ халық қазынасы»

Тақырыбы:Қазақтың ұлттық бас киімдері

Мақсаты: Ұлттық бас киім туралы мағлұмат беру.Бөрік,сәукеле,тымақ,тақия туралы терең түсінік беру.Қазақтың ұлттық киімдеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Әдіс- тәсіл:көрсету,түсіндіру,сұрақ- жауап алу.

Көрнекілік: Ұлттық бас киімдер бөрік,тымақ,сәукеле және кимешек пен тақия.

Күтілетін нәтиже: Ұлттық бас киімдер туралы біледі ,нақтырақ айтқанда сәукеле,тымақ,бөрік,тақия туралы .

Ұйымдастыру кезеңі

Сиқырлы айналу. Жылулық шеңбері

Балалар ұнтаспадан «Наурыз» әнін тыңдап,әуенге сай билейді.Педагог балалардан қандай әсер алғандары туралы сұрайды.Балалар қандай әсер алғандары туралы айтады.Педагог балалармен«Наурыз» мерекесі тықырыбындығы суреттерді көре отырып әңгімелеседі.



Негізгі бөлім

-Наурыз мерекесі қандай мереке?

-Ұлыстың Ұлы күні жаңа жыл.

- Суреттен қандай ұлттық бас киімдерді көрдіңдер?

-Тақия,бөрік....

Иә,бүгін біз сендермен ұлттық бас киімдер туралы танысамыз. Қазақ халқы ешқашан жалаң бас жүрмеген.Ер адам,әйел адам өзіне сай бас киім киген.Жалаң бас жүрмеудің экологиялық,эстетикалық негізі бар.Бас киім қыста аязда,жазда күннің ыстығынан қорғайды.Денсаулыққа үлкен мән берген ата аналарымыз бас киімге аң, малтерілерін пайдаланған ,тыстық ретінде берік,тығыз,шыдамды матаны қолданған. Бас киімді екіге бөлген.Ер бала және қыз бала.

Ер бала бас киімі **бөрік ,тымақ,тақия** тағыда көптеген түрлері бар.

Бөрік –тері қаптаған жылы бас киім.

Тақия –дөңгелек , жеңіл,өзін сырып,кестелеп матадан тіккен және қалпақ тымақ астынан киетін кішігірім бас киім .

Тымақ- Аң терісінен жасалып ,суықта киетін бас киім.

Әйелдер бас киімі **сәукеле, кәмшәт бөрік,кимешек т.б.**

Сәукеле –екі бөліктен тұрады:басқа киетін бөлігі астар салынып, сырылған,биіктігі 25см конус тәрізді,кейле оған маңдайлық және желкелік тігіледі.Сәукеленің басты құрамды бөлігі жеңіл матадан жасалған желек.Сәукеле ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде беріліп,ол әйелдерден гөрі қалындықтың тойға киетін бас киіміне айналды.

Кәмшәт бөрік- аң терісінен тігіледі,жиегіне жұрын жүргізіледі .

Кимешектің –«албан кимешек»,«суан кимешек»,«маңдайлы кимешек»деген түрлері балады.Кимешектің артқы бойындағы етегі дөңгелек болып келеді.Ақ матадан,жібек матадан тігіп,әртүрлі әшекеймен безендіріледі. Балалар қазақтың ұлттық бас киімдері өте көп.Бүгін біз сендермен бірге бізге танымал бас киімдер туралы айттық .

Тиым сөз:

Баскиімді жерге тастама.Киілген өз баскиімінді өзге адамға сыйға берме.

Сергіту сәті

Тайға міндік,

Тойға шаптық,

Жақсы киім киініп.
Үкі тақтық,
Күлкі бақтық ,
Жоқ немеге сүйініп.
Күйкентай күтті,
Құс етті,
Не бітті?

Дидактикалық ойыны «Қиылған бас киім»

Мақсаты:балалар екі топқа бөлінеді,ұлдар мен қыздар тобы болып. Қыздар қиылға сәукеленің қиындысын жинап сәукелені құрастыру керек. Ұлдар бөріктің қиындысын жинап құрастыру керек. Қай топ тез жинап құрастырса, сол топ жеңімпаз атанады.

Балалар оқу қызметінің басында біз сендермен наурыз мерекесі туралы айтқан болатынбыз.Суреттер көргенбіз ұлттық бас киім киген адамдарды.Қазыр бұндай бас киім киген адамдарды сирек жолықтырамыз,тек «Наурыз» мерекесін тойлағанда ғана кигендерін көреді екенбіз. Бізде жақында қандай мереке болады екен?Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі болады екен.Сол мерекеге бізде осы аталған бас киімдерді киеміз.

Қорытындылау

- Балалар біз қандай ән тыңдадық?
- Біз «Наурыз»әнін тыңдадық.
- Суреттен қандай бас киімдер көрдік?
- Қазақтың ұлттық бас киімдерін.
- Біз қандай бас киімдермен таныстық? —
- Бөрік,тақия,тымақ,сәукеле,кимешекпен.
- Қандай ойын ойнадық?
- «Қиылған бас киім»деген.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.

Тақырыбы: 3 цифрымен таныстыру.Цифрды заттың санымен салыстыру.

Мақсаты: 3цифрын 3санының таңбасы ретінде таныстыру.3 санынның пайда болуы,алдындағы сандарды шығарып алу жолын анықтау . 3 санының өзге цифрлардың арасынан табу.3 саны 3 бірліктен тұратынын.3 көлемінде қосу,азайту амалдарын орындау .

Әдіс -тәсіл:сұрақ-жауап,көрнекілік,түсіндіру ,көрсету.

Көрнекілік:ұлттық бас кімдер,таратпа карточкалар,1,2,3 цифрлар таңбасы.

Күтілетін нәтиже: 3цифрын таниды.Сандар қатарынан 3цифрының орнын табу. Қосу,азайту амалдарын орындайды.



I. Ұйымдастыру кезеңі

Шатастырмай басқаны,

Міне келді **3** саны.

2 кейін тұрағы,

Екі ілмекті құрайды.

II. Негізгі бөлім

Оқу қызметі «Үкілі кәмшәт» (бас киім) тақырыбына сәйкес әңгімелеп бастаған жөн. Үштің пада болуы сурет бойынша түсіндіріледі. Апа маған екі үкілі кәмшәт тіккен еді, одан кейін тағы біреу тікті сонда қанша болды? (үш) Үш үкілі кәмшәттің біруін сыйға берді. Нешеу қалды? (Екеу).

Тақияның түріне қарап есеп құрастырады. (2+1). Үш тақияның біреуін атам киіп кетті. Нешеу қалды? (Екеу). Балалар үкілі кәмшәтті, тақияны анықтап алып есептер құрап жаттығады. 3 санының таңбасымен таныстырады. 3 саны 2 санынан кейін тұрады. Тура, кері санап, **3** санын тиянақтайды. 3 саны 3 бірліктен тұрады. (1+1+1).

Сергіту сәті

Екіліктен кейін, қараңдар.

Үш саны шықты, жараңдар.

Үшінші орын тұрағы,

Үш ілмекті қосып тұрады.

Үш санының пайда болуына байланысты алған ұғымдарын бекіту үшін дидактикалық ойын ойнатылады.

Дидактикалық ойын: «1, 2, 3 цифрын санмен және үшбұрыш салып белгіле»

Мақсаты:

1. Берілген тапсырмалардың нәтижесін табу.
2. Әр балаға жететіндей 1, 2, 3 цифрдан, ұлттық бас киім суреті бейнеленген карточкалар, фламастер және парақ таратылады.
3. Балалар парақ бетіне алдымен сан қатарын қойып шығуы керек.
4. Одан кейін санға қарай суреттерді орналастыру керек.
5. Соңынан санға қарай дөңгелек пішін салу шығу керек.

Қимылды ойын: «Орныңды тап»

Мақсаты: педагог жерге әр балаға жететіндей етіп сандар тастайды. Педагог қай санды атаса балалар сол санның үстіне барып тұру керек. Шатасқан бала ойыннан шығады. Ойын үш, төрт рет қайталанады.

Қорытындылау

Бүгінгі оқу қызметінде қандай санмен таныстық?

-3 санымен таныстық.

-3 саны қай санынан кейін тұрады екен?

-үш санының құрамын анықтау үшін қандай ұлттық бас киімдерді қолдандық?

-Үкілі кәмшәт және тақия

.-Қандай қимылды ойын ойнадық?

-«Орнынды тан» ойыны

Ұйымдастырлған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.

Тақырыбы: Ұлттық бас киімді әшекейлеу.

Мақсаты: ұлттық баскиімдері ажырата білуге, сәукелені және бөрікті әшекелеуге үйрету. Түрлі бисерлерді, моншақтарды және ою -өрнектерді баскиімдерге дұрыс орналастыруға және пайдалануға үйрету. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.

Әдіс- тәсіл: көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ- жауап алу, берілген заттарды қалай пайдалану керектігін үйрету.

Көрнекіліктер: Сәукеле, бөрік, бисер, моншақ және ою- өрнектер т.б.

Күтілетін нәтиже: Сәукелені, бөрікті мошақпен, биселермен және ою-өрнектермен әшекейлейді.



Ұйымдастыру кезеңі.

Жылулық шеңбері.

Педагог балаларды шеңберге жинап, балалар қолдарын ұстап, ұлдар қыздарға жылы сөздер айтады «Әсем, сен әдемі қызсың т.б.» Осылайша балалар қыздарға кезегімен жылы сөздерін айтып шығады.

Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»

Педагог тақтаға бірнеше бас киімдердің суретін іліп қояды да балаларға мұқият қарауларын сұрайды. Енді көздеріңді жұмыңдар деп айтады, сол кезде педагог бас киімдердің орнын ауыстырып балаларға көздеріңді ашып суретте не өзгерді деп сұрайды. Балалар орын ауысқанның табу керек ойын үш, төрт рет ойналады.

Негізгі бөлім

Педагог балаларға жаңа оқу мазмұнымен таныстырады.

Таңғалдыру сәті

Ортаға ұлттық киім киген қуыршақ Айнур мен қуыршақ Асан келеді. Олар балалармен амандасады.

-Сәлеметсіңдер ме! Балалар.

-Сәлемесіздер ме!

Педагог: сіздер кім боласыздар?

-Біз қуыршақ Айнур мен қуыршақ Асан боламыз. Біз сіздердің ойын ойнап жатқандарыңызды көрдік. Ойындарыңыз бас киім туралы екенін байқадық. Жай бас киімдер емес қазықтың ұлттық баскиімдері екен. Сіздердің бізге көмектеріңіз керек болып тұр.

Педагог: қандай көмек керек?

Қуыршақ: Бізде жақында «Наурыз» мерекесі болады. Біз сол мерекеде бір топ болып білейтін едік, ал біздің сол мерекеге киетін бас киімдеріміз дайын емес. Бас киімдерді әшекейлеу керек. Соған көмектесесіздер ме?

Педагог: Ол қандай бас киімдер, немен әшекейлеу керек?

Қуыршақ: Сәукеле мен бөрік. Сәукелелерді бисерлермен және моншақтармен

әшекейлеу керек. Бөріктерді ою- өрнектермен оюлау керек.

Педагог:Балалар,біз Асан мен Айнұрға көмектесеміз бе?

Балалар:Иә, көмектесеміз.

Педагог: Көмектеспес бұрын біз қуыршақтардың көңілдерін көтерейік.Орнымыздан тұрып сергіту жасайық.

Сергіту сәті (қимыл қозғалыспен)

Әрі,бері ойнаймын,

Шаршады дап ойлаймын.

Бөмесіне қатаймын,

Қуыршаққа айтамын,

Жат орныға жат деймін,

Тәтті ұйқыға бат деймін.

Қуыршақтар қуанып қалады.Балаларға риза болады. Педагог пен бірге балалар бас киімдерді әшекеуге дайыдалады.Педагог балаларға қыздар сәукелені,ұлдар бөрікті әшекелейді деп ескертеді.Балалар екі топқа бөлініп бас киімдерді педагогтың көсетуімен сәндейді.Қыздар,сәукелені мұқият қараңдар,сәукеледе сызылған сызбалар бар екен.Сол сызба бойына арнайы желім жағып соның үстіне ұсақ бисерледі желімдейміз болмаса моншақтарды.Сендердің қалауларың бойынша . Жұмыстарың біткен сөң маған айтасыңдар қандай бейне шыққанын.Ал енді ұлдар сендер де бөрікке мұқият қараңдар,бөріктеде сызылған сызба бар екен.Сол сызбаға желім жағамыз,желімнің үстіне сызбаға тура келетін ою-өрнектерді тауып желімдейміз.Желімдеп болғанан кейін маған айтасыңдар,қандай ою-өрнек тура келгенін.Балалардың жұмыс барысында педагог көмекті керек ететін балаларға көмектеседі.

Педагог балалардың біткен жұмысын Айнұр мен Асан үшеуі көріп бағалайды.Өте керемет деген мақтау алады.

-Ал енді айтыңдаршы қыздар,сәукелені әшекейлегенде қандай бейне шықты?

-«Ирек су» өрнегі,«Құс қанат»оюы шықты.

-Ұлдар сендердің бөріктегі сызбаға қандай ою тура келді?

-«Қошқар мүйіз» оюы тура кеді.

Айнұр мен Асан балалардың жұмысына ризашылығын білдіреді.

Педагог Айнұр мен Асанға мейрамда билейтін би қимыл элементтерін көрсетуді сұрайды.Балалардың бәрі қайталайды.

Би«Қара жорға» Бірнеше би қимыл элементтерін билейді.

Асан мен Айнұр балаларға рақметін айтып кері қайтады.

Қорытындылау

-Балалар біз қандай дидактикалық ойын ойнадық?

- «Не өзгерді?»ойыны.

-Ойында қандай бас киімдердің суретін қолдандық?

-Тымақтың,сәукеленің,тақияның,бөріктің суреттерін.

-Бізге қонаққа кімдер келді?

—Қуыршақтар Айнұр мен Асан.

- Айнұр мен Асанға не керек болды?
- Бас киімдерді әшекейлеу.
- Қуыршақтармен қандай бидің элементерін биледік?
- Қазақты ұлттық биі «Қара жоға».

Ұйымдастырлған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.

Тақырыбы: « Киелі бесік»

Мақсаты:Балаларды ата -бабамыздан мұра болып қалған бесікпен таныстыру.Бесіктің пайдасын түсіндіру. Тәрбие тал бесіктен екенін ұқтыру.Ата- бабамыздан мұра болып келе жатқан құнды дүниелерімізге құрметпен карауға тәрбиелеу.

Әдіс- тәсіл:Көрсету,түсіндіру,таныстыру,сұрақ- жауап алу,ойын ойнату.

Көрнекіліктер: Бесік,бесік жыры әні, бесіктің жабдықтары.

Күтілетін нәтиже:Ата- бабамыздан мұра етіп қалған бесікті біледі.

Айым болып тудың ба?
Күнім болып тудың ба?
Ата жолын қудың ба?
Әке жолын қудың ба?
Бұл дүниеге келген соң,
Сұрауы бар судың да..

Қуанышым, арай жүз
Сөйлесерміз талай біз
Бар ағайын жиналып,
Мез боп саған қараймыз
Сендей бала ешкімде
Болмаған деп санаймыз

Не деп енді мақтайын
Айтуға сөз таппаймын
Мектеп кетсем көбірек
Мен әжеме жақпаймын
Келші келші балашым
Бір иіскемей жатпаймын

Келші келші балашым
Бір иіскемей жатпаймын



Ұымдастыру кезені

«Еркелету» жылулық шеңбері Педагог балаларды ішкі және сыртқы шеңберге тұрғызады. Балалар отбасы мүшелері өздерін қалай еркелетіп айтатынын естеріне түсіріп, бір-біріне жылы сөздер айтады.

Негізгі бөлім

Әңгімелесу.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Әуезов «Ел болам десең – бесігіңді түзе» деп айтып кеткендей, отбасындағы тәрбиенің басы тал бесіктен басталады. Міне балалар тәрбиенің басын сендерден көріп тұрмын. Бір-біріңе отбасыңда күнде естіп жүрген қандай керемет жылы сөздер айттыңдар. Тәрбие тал бесіктен деген осы. Біз бесікке жатқаннан бастап құлағымызға анамыз түрлі мән мағынасы бар әндер, жылы сөздермен еркелетеді екен. Біз бүгінгі оқу қызметімізде сендерді осы ата-батамыздан мұра болып келе жатқан киелі бесік туралы танысамыз.

Бесік - нәрестені бөлеуге арналаған ағаш төсек. Бесікті өзге елдер де пайдаланады. Тек әртүрлі үлгіде жасалады. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Осыдан тал бесік боп аталған.

Педагог балаларға сурет арқылы бесік түрлерін көрсетіп, таныстырады.

Бесіктің жасау-жабдықтары.

Жас нәрестені бесікке бөлеу үшін төмендегідей жасау-жабдықтар қажет. Жөргек, құс төсек, жастық, көрпе, кепіл, тарпа бау, түбек, шүмек, жабу, ши.

Бесіктің балаға пайдасы.

Біріншіден – қол аяғы байланып ербеңдемей ұйқысы тыныш болады.

Екіншіден – бала сабырлы болып өседі.

Үшіншіден – баланың тұлабойы таза болып, тазалыққа бойы үйренеді. Құрғақ болады. Шаң тозаңнан сақтайды.

Төртіншіден – бесікті белгілі бір ырғақпен тебетілгендіктен баланың жүйкесі бір жүйе, тәртіпке түседі.

Бесіншіден – балаға бесік жыры, ана әлдиі айтылады. Бесік жырын тыңдап өскен бала тәрбиелі, өнегелі, жанашыр, жомарт болып өседі.

Тиым сөз:

Бесікті бір адам тебетеді. Бесікті есіктен бас жағымен киргізеді. Бесікті

жабусыз қоюға болмайды.

-Балалар бүгін бізді Зере әжей үйіне шілдехана бесік тойға шақырыпты.Барамыз ба?Онда жолға жиналайық.Зере әжейдің үйіне тез бару үшін сиқырлы кілемшеге отырып ұшып барамыз.Балалар кімшеге отырып ұшып әженің үйіне келеді.Әжей балалардың келгеніне қуанып қалды.Балалар келгендерің жақсы болды.Бесікке салу рәсімін бастайын деп жатырмыз.

Қазақтың салт- дәстүрі «Бесікке салу»

Зере әже келген қонақтарға қазақтың салт- дәстүрін «Бесікке салуды» көрсетеді.

1.Бесікті адыраспанмен аластаймыз.Алас,алас бәле жаладан алас деп айтады.

2.Бесіктің тесігінен тышты ма, тышты ма деп үш рет тыштыма кәмпітін салып балаларға таратады.

3.Бесік басына айна, тарақ қояды қыз өскенде сұлу болсын деп.Ұл бала болса шаппа қояды(пышақ).Менің шөберем қыз.

4.Нәрестені әкеліп бесікке салады.Бесік үстіне тоғыз жабу жабады.Қыз бойжеткенде қалын малы көп болсын деп.

Бесік жыры

Балалар әжемен бірге айтады

Әлди- әлди ақ бөпем.

Ақ бесікке жат бөпем.

Жылама бөпем жылама,

Жілік шағып берейін.

Бай құтаннын құйрығын,

Жіпке тізіп берейін.

Әлди -әлди бөпешім.

Ұйықтай қойшы көкешім.

Тербетейін жата ғой.

Тәтті ұйқыға бата ғой.

Зере әже:-Балалар сендерге көп рақмет,менің шөберемді ұйықтаттыңдар және келгендеріңе айтқан әндеріңе де рақмет.

Педагог:- Сізге рақмет әже, балаларға сал -дәстірімізді көрсеткеніңізге.Біз енді қайтайық.Балалар кері кілемге отырып қайтады.

Балалар топқа келіп ойын ойнайды.

«Бөпешім» еркін ойын..

Мақсаты:педагог балаларға түрлі ойын құралдарын беріп ,балаларға айтып түсіндіреді. Ойын барысында бүгін немен таныстық,не туралы көп айттық,қандай салт- дәстүрді көрдік,осы көрген ,айтқан ,білгенімізді ойын барысында қолдануды.Ойын барысында педагог балаларды бақылайды,бақылау кезінде сұрақ- жауап алынады, балалар қаншалықты айтылғандай ойын барысында қолданғандарын. Ойыннан ауытқыған жағдайда педагог балаларға жанама түрде естеріне салады.Ойыннан шеттеп қалған бала болса,ол баланы ойынға қосу амалын орындалады.Осы ойын арқылы оқу қызметі қорытындыланады.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспары «Қазақ халық қазынасы»

Тақырыбы: 4 саны мен цифры

Мақсаты: 4 саны цифрмен таныстыру. 4 санының пайда болуы. Құрамын анықтау.

Әдіс- тәсіл: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап , ойнату, санату.

Көрнекіліктер: сандар, таратпа материалдар, суреттер, сылдырмақ.

Күтілетін нәтиже: 4 санының танбасын таниды. 4 санының құрамын біледі. 4 санында 4 бірлік бар екенін біледі

I. Ұйымдастыру кезеңі

Үштен кейін төрт болар,

Бір жылда төрт мезгіл бар.

Қыс мезгілі- күн суық,

Ақ қар жатыр жер жауып.

Көктемде болар жер жаңа,

Егейік егін далаға.

Жазғытұрым күн ұзақ,

Аптап тұрар күн шуақ.

Алтын күз бізге берер нұр,

Жеміс жидек пісіп тұр.

II. Негізгі бөлім.

Оқу қызметі «Бөпешім» тақырыбына арналған әңгімеден басталады. Педагог балалаға сұрақ қояды және тапсырма береді.

-Суретте неше бесік бейнеленген?

-Сонша дөңгелекті төменгі қоршауға жапсырындар.

-Тағы бір дөңгелек қосындар. Нешеуі артық?

—Бір дөңгелек артық. Өйткені , төрт санында үштен біреу артық.

Үлестірмелі материалдармен жұмыс.

Педагог балалаға тапсырма береді цифрды санмен сәйкестендір деп.

Мысалы, 1 деген цифрға бір бесік бейнеленген суретті сызып қосады, 2

цифрға екі бесік бейнеленген суретке сызып апарып қосады, 3 деген цифрға

үш бесік бейнеленген суретке апарып қосады.

Сергіту сәті

Біздер санай білеміз,

Білмегенге күлеміз.

Біреу, екеу, үш, төрт деп,

Бес, алты....деп жүреміз.

Таңқалдыру сәті. Топқа Тасша бала келеді.

Тасша бала: -Мұнда не болып жатыр?

Педагог: -Сен кім боласың? Алдымен балалармен амандаспайсыңба. Әдепсіз болма.

Тасша бала: -Қойшы мен сендерді танымаймын ғой.

Педагог:-Онда танысайық.Сенің атаң кім?

Тасшабала:-Менің атым Тасшабала.

Педагог:-Енді түсінікті болды.Кәне,балалар Тасша баламен амандасайық.

Балалар:-Саламатсыз ба!

Тасшабала:-Саламатсыдар ма!Мені кешіріңдер балалар келесі жолы міндетті түрде амандасам.Сендер не істеп отырсыңдар?

Педагог:-Біз математика оқу қызметін өтіп жатымыз.Кел, сенде бізге қосыл.Кәне,балалар біз не білетінімізді Тасшабалаға көрсетейік.Оқу қызметімізді әрі қарай жалғастырайық.Шебер атамыз төрт бесік жасапты одан кейін тағы біреу жасап қосыпты сонда шебер нешеу жасады?(төртеу). $(3+1)$.Төрт бесікке төрт түбек қажет ал бізде үш түбек тағы неше түбек жетпейді?(біреу). $(3+1)$.Міне балалар үш бесікке бір бесік қосқанда төрт бесік болды.Үш түбекке бір түбек қосқанда төрт түбек болды.Осылайша үшке бірді қосқанда төрт шығады екен.Төрт саны осылай пайда болады.Педагог балаларды төрт санының таңбасымен таныстырады.
4цифры 4санның таңбасы.4саны қатар сан бойынша үштен кейін тұрады.

1,2,3,4. Балалар тура және кері санайды.4саны төрт бірліктен тұрады. $1+1+1+1$

Тасшабала:-Мағанда жасырыңызшы.

Педагог:-Жайрайды Тасшабала тыңда.

Айман апайымыздың төрт егіз бөпесі бар екен .

Төрт егізге төрт бесік керек.

Айман апайда үшеу ,тағы нешеу керек?(біреу). $(3+1)$

Тасша бала:-Біреу керек.

Педагог:-Өте дұрыс.Жарайсың Тасшабала.Ал енді ойын ойнаймыз.

Дидактикалық ойын:«Дыбысына қарай тап»

Мақсаты:педагог балаларға бірден төртке дейінгі сандарды таратып береді.Өзі қолына сылдырмақ алады да балаларға айтады көздеріңді жұмып мені мұқият тыңдандар мен сылдырмақты қанша рет сылдырлатсам, сендер мен тоқтағанда көздеріңді ашып қолдарыңдағы тиісті санды көтересіңдер.Қателескен бала айыбын төлейді.Айыбына санамақ айтып береді.Ойын төрт,бес рет ойнатылады.

Тасша бала:-Маған сендермен бірге болған ұнады.Көп нәрсе үйрендім бірақ мені іздеп қалмасын қайтайын.Сау болыңдар балалар.

Балалар:-Сау болыңыз.Келіп тұрыңыз

Қорытындылау

Қимылды ойын:«Эстафета»

Мақсаты:Балалар шеңбер болып отырады .Педагог бір баланы шеңбер сыртына шығарады.Қолына сылдырмақ береді де шеңбер сыртында жүріп бір,екі,үш,төрт дегенде қай баланың тұсына келсе сол баланың артына сылдырмақты тастайды.Педагогтың сұрағына сол бала жауап береді.Әрі қарай шеңберді сол бала жалғастырады.Эстафета ретінде өтеді.

Ұйымдастырлған іс-әрекеттің жоспары « Халық педагогикасы-Ұлттық қазынасы.

Тақырыбы:« Шебер қолдар »

Мақсаты:Балалардға бесік мүсінін шиді және ермексазды пайдаланып жасуады үйрету.Бесікті қадірлеп күтуге тәрбиелеу.

Әдіс- тәсіл:Көрсету,таныстыру,сұрақ- жауап алу.

Көрнекіліктер:Ши,ермексаз,үлгі жұмыс,бесік,суреттер.



Күтілетін нәтиже: Киелі бесігімізді берген материалдардан жасай біледі. Тиым сөзді түсінеді.

Ұйымдастыру кезеңі .Жылулық шеңбері.

Педагог балаларға жайғасып отыруларын сұрайды. Көздерін жұмғызып бесік жырын тыңдатады. **Қарақат Әбілдинаның «Құлыншағым» әні.** Педагог балаларға көздерін ашып әннен қандай әсер алғандарын сұрайды. Балалар қуана алған әсерлерімен бөліседі.

Негізгі бөлім

Педагог: -Балалар мен бүгінгі оқу қыметімізді ерекше өту үшін ағаш шебеханасына апарам сендерді шебер күтіп отыр, барамыз ба?

Балалар: -Ия барамыз.

Педагог: -Біз шеберханаға жаяу барамыз. Жаяу жүрген адамға пайдалы.

Педагог балалармен бірге жолға шығады.

Ағаш шебері балаларды күтіп алады.

-Шебер: -Салеметсіңдер ме!

Балалар: -Саламатсыз ба шебер аға.

Шебер: -Мен сендерді күтіп отырмын. Тәрбиеші апайларың маған сендерге бесікті жасау әдісімен таныстыр деп өтініш білдірді.

Педагог: -Балалар жол жүріп шаршаған шығарсындар ендеше серігіп алайық.

Сергіту сәті

Басбармағым үйіне

Келді бүгін қонақтар.

Бес саусағың -бақытым,

Сонда, балам, бар құтың.

Бес саусағым біріксе,

Текке кетпес уақытың.

Барлық саусақ -тату дос,

Бір біріне көмектес.

Шебер: -Балалар енді іске кірісейік, мен сендерге қандай заттармен жұмыс жасайтынымызды таныстырып өтейін. Бізге көп нәрсе керек жоқ. Бізге ермексазбен бір қорап ши керек. Алдымен керекті ермексазды аламыз одан бесіктің мүсінін жасаймыз. Тіктөртбұрышты етіп пішін жасаймыз, одан кейін

ермексазды алақан арасына салып сопақ етіп үш таяқша жасаймыз. Оларды тіктөртбұрышқа біріктіреміз екеуін доға етіп, біреуін бесіктің ұстайтыны етіп. Дайын болған жұмысқа ши жапсырып шығамыз. Осымен бесігіміз дайын болды. Балалар бесікті әдістемеде көрсеткендей етіп жасайды. Дайын болған жұмыстарын әңгімелеп береді.

Шебер:- Балалар жұмыстарың өте керемет болды.

Педагог:- шебер сізге де рақмет. Біз енді қайтайық сау болып тұрыңыз. Топқа келіп жасаған жұмыстарымен

«Бөпешім» атты желілі рольді ойын ойнайды.

Мақсаты: балалар отбасы болып ойнайды. Бесікке қуыршақты бөлеп бесік жырын айтады.

Қорытындылау

- Біз бүгін қандай ән тыңдадық?

- Бесік жырын тыңдадық.

- Қайда бардық?

- Шеберханаға.

- Не жасадық?

- Бесік жасадық.

- Нелерді пайдаландық?

- Шимен ермексазды.

- Қандай ойын ойнадық?

- Бөпешім ойыныны